...ЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...І ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...март Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл | жеке саны 20 тиын.

*Жұмысшы табының, шаруалардың, совет қызметкерлерінің қатарынан шыққан, халқымызбен тегі де бір, қаны да бір жаңа, советтік сансыз көп интеллигенция—қанаудың бұғауы дегенді білмейтін, қанаушыларға өшпенді, ССРО халықтарына ар-намыс, адал жүрегімен қызмет етуге әзір интеллигенция туып, қалыптасты... Бұл жаңа, халықтық, социалистік интеллигенцияның туууы біздің еліміздегі мәдениет революциясының ең маңызды нәтижелерінің бірі болды.*

**И. СТАЛИН.**

## ...беруді ...міндет

...жұмыстың жәйі
...арына сай емес.
...партия ұйымдары
...огін большевиктік
...а алмауынан бо-

...Жамбыл атындағы
...-ден астам ауыл
...Бұлардың көпшілігі
...лмаған, тіпті саяси
...лерде оқып жүр
...бірсыпырасы са-
...п алды. Соңғы
...кіл колхозшылар
...ллигенттері саяси
... лекция тыңдаған
... тұрса да партия
...ры Сұраганов жол-
...сарту үшін тиісті
...ыр. Осы сияқты
... Ильича» (Мамлют
...рмыс» (Конюхов
... қаладағы аяққиім
...лық техникум пар-
...мысында да орын

... орын алуына кей-
... комитеттері мен қа-
...і де кінәлі. Өйткә-
...ер арасындағы жұ-



Запорожье облысы. Михайлов ауданының Буденный атындағы колхозында көктем егісіне әзірлік ұйымдасқан түрде өткізілуде. Барлық ауылшаруашылық құрал- саймандары жөнделіп, тұқым әзірленді.

СУРЕТТЕ: Ворошиловоград ауылшаруашылық институтын бітірген колхоз председателі **Л. М. Марченко** (сол жақта) бригадир **Г. М. Ярошенко** және партия ұйымының секретары **Г. М. Черная** 1952 жылы егісті орналастырудың жоспарын талқылап тұр.

**(СОТА-ның фотохроникасынан).**

# Мал қыстан әрі күйлі, әрі шығынсыз шығарылсын!

* * *

## Малды колхоз

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда Буденный атындағы колхоздың (Ленин ауданы) мүшелері едәуір табыстарға жетті. Мұнда мал шаруашылығын өркендету жөніндегі үшжылдық жоспар үш түліктен артығымен орындалды.

Колхоздың қоғамдық малының өсуі, еңалдымен, жекелеген мал өсірушілердің үздіксіз қажырлы еңбек етуінің нәтижесі. Малшылар малды бағып күту ісін жылдан-жылға жақсартып отырды да, малды шығынсыз және күйлі өсірді, әсіресе, төлді аман сақтады. Бұл арада атап айту керек, колхоздың қоғамдық малы негізінен алғанда төл есебінен өсіп отыр.

Малды бағып күту ісін жақсартып, оны шығынсыз өсіруде қой фермасының коллективі ерекше еңбек үлгісін көрсетті де, жоғары көрсеткішке ие болды. Шопандар өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарында ғылым мен еліміздің озат мал өсірушілерінің тәжрибелерін қолдана отырып, өнімді еңбек етуге, сөйтіп, қой санын еселеп арттыруға, одан жүнді көп қырқуға жетісті.

Мұндай өнімді еңбек етіп, үздік табысқа ие болған шопандардың бірі—П. Ступников. Ол өткен жылы қарамағындағы 325 саулықтан 345 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді. Бұл жылы басқа фермалардың алдыңғы қатарлы малшылары да күрделі- күрделі табыстарға жетті. Жылқышы Ж. Өтеповты алсақ, ол өткен жылы өзі баққан 22 биеден 22 құлын өсірді.

Ал, ірі қара мал фермасы малшыларының қолжеткен табыстары бұдан да зор. Таңдаулы сауыншы Мария Остапенко қарамағындағы 10 сиырдың әр қайсысынан 2276 литр сүт сауды. Мұнымен бірге, ол әрбір сиырдан бір-бір бұзау алып, оларды шығынсыз өсірді. Сол сияқты, сауыншы Е. Слесарева әрбір сауын сиырдан 2093 литрден сүт алып, өзінің социалистік жарыста алған міндеттемесін мінсіз орындап шықты.

Колхоз мүшелері қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде алдағы уақытта қазіргіден де зор табыстарға жетуді көздеп отыр.

Б. КАДІРОВА.

* * *

## Мал қыстату үлгілі өткізілсін

Полудень ауданының бірсыпыра колхоздары мал қыстатуды ойдағыдай ұйымдастырып, оны үлгілі өткізіп келеді. Қысқы маусым, әсіресе, Киров атындағы, Молотов атындағы, Ворошилов атындағы, «Прогресс» және «Путь социализма» колхоздарында жақсы өтіп жатыр. Бұларда жемшөп мол, қора жылы, соның мен қабат, дайындалған мал азығы түгелге жуық мал қоралары жанында.

Аталған колхоздарда мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуінің негізгі бір сыры—бастауыш партия ұйымдары жұмыстың бұл участогіне күнбе-күн нақты басшылық жасап жүр. Олар әрбір мал фермасындағы істің мән-жайын қолма-қол біліп отыруға дағдыланған.

Мәселен, Киров атындағы және Париж Коммунасы атындағы колхозда да коммунистер мал фермаларында үгіт-көпшілік жұмыстарын үздіксіз өрістетіп жүр. Олар мал фермаларында қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарады, әртүрлі тақырыпта әңгімелер өткізеді, баяндамалар жасайды, мал өсірушілерді ауылшаруашылық ғылымының табыста-

